

№ 4 өндірістік кеңестің хаттамасы

30.05.2023 ж

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
3. Жазғы мезгілде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық
4. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау

1.Тыңдалды балабақшада өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. Балабақша аулалары көшеттермен толықтырылды, ағаштар түптері әктелді, алаңдарға гүл көшеттері отырғызылып, оларға күтім жасалып жатқанын айтып өтті.

Мейірбике Абдрахманова Т.Х. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы бойынша айтылған кемшіліктер орындалғанын, тазалық жұмыстары толыққанды жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

2.Тыңдалды Жазғы сауықтыру шаралары туралы тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. №5 педагогикалық кеңесте бекітілген жазғы сауықтыру іс шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстырды. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «Доп» мерекесін, «Нептун» мерекесін, «Гүлдер» мерекесін, «Қала үстіндегі әсем шарлар» және «Спорт күні» мерекелерін өткізетіндіктерін айтып, қаржылай көмек керектігін айтып өтті.

Меңгеруші керекті құралдармен толық қамтамасыз ететіндігін білдірді. Медбике Абдрахманова Т.Х. «Жұқпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды.

3.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Баймолдина К.К. Балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығымен таныстырды. Әрбір қызметкер баланың өміріне жауапты. Мекеме ғимараттары, ойын алаңы мен атракциондары өз мезгілінде тексеріліп тұру керек. Тәрбиешілер мен күтушілер жаз мезгілінде балаларды құммен ойнауда, бассейнге шомылуда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Жаз мезгілінде жұқпала аурулардың көбейетінін айта келе меңгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті.

Қызметкерлер толық келісім берді .

Пікір білдірді Балабақша медбикесі сөз алып, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жайттарды жою және алдын алу шаралары ай сайын жүргізілетіндіктерін сөз етті.

4.Тыңдалды меңгеруші Баймолдинам К.К. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын өткізді. Асхана қызметкерлері мен шаруа меңгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды.

Қызметкерлер келісім берді.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орндалуы қанағаттанарлық.
- 2.Жазғы сауықтыру шараларын орындау барлық қызметкерлерге жүктелсін.
- 3.Балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығы өткізілсін, толық орындалсын.
- 4.Өрт қауіпсіздігі техникасысын сақталсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Баймолдина К.К.

Сыдыкова Д.С.